

Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министірлігі Түркістан облысы
Келес ауданы

№49 "Қоңыртөбе" жалпы орта білім беретін
мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Қамқоршылық
кеңес»

Қоңыртөбе ауылы

2023-2024

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БӨЛІМІ»



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА» УПРАВЛЕНИЯ
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20.06.2022

Абай ауылы

№ 203-н/к

село Абай

Қамқоршылық кеңестердің
Құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Келес ауданының адами әлеуетті даму бөліміне қарасты төмендегі мемлекеттік білім беру ұйымдарының;

1. «№1 О.Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2. «№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы» қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3. «№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4. «№4 Ж.Баласағұн атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5. «№5 жалпы орта білім беретін мектебі» қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6. «№6 бастауыш білім беретін мектебі» қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7. «№7 жалпы орта білім беретін мектебі» қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8. «№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9. №9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10. №10 «Игілік» атындағы жалпы орта білім беретін мектебі қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

Бекітемін:

Келес аударып адами алуатті
дарматтү бойын басышы

Б. Абдиев

2022 жыл



49 қосымша

№49 «Қоныртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мектептік мекемесіндегі «Қамқоршылық кеңес» құрамының тізімі

№	Аты-жөні	Жұмыс орны	келісімі
1	Унабеков Талғат	Қоныртөбе ауылының биі	
2	Ерешов Нұртаза	№1 Спорт мектебінің әдіскері	
3	Төреханов Абдіғани	Шаруа қожалық иесі	
4	Жақсылықов Нұрлан	Сарыжылға ауылының биі	
5	Себаева Ғулайна	Сарыжылға дәрігерлік емханасының медбикесі.	
6	Ботабеков Құрманғазы	Ошақты ауыл әкімшілігінің инспекторы	
7	Сманов Қамбарбек	Жеке кәсіпкер	
8	Жартыбаев Нұркен	Ауыл имамы	
9	Ешанкулов Данияр	Келес ауданы ІІБ учаскелік полиция инспекторы	

Бекітемін:
Мектеп директоры: Н.Ерсейтов

№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Аткарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	А-жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жоспарын құру, бекітуге ұсыну -мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы -«Мектепке жол акциясы барысында аз қамтылған, жетім жартылай жетім, көп балалы отбасыларына көмек көрсету	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уәлібеков Хатшысы А.Жарылқасинов
2	-Қарттар күніне орай ұйымдастырылған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» акциясына қатысу - Құдық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының кеңесі отырысына қатысу.	Қазан	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уәлібеков Хатшысы А.Жарылқасинов
3	-ҚР Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған іс шараларға қатысу -жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуына және өткізілуіне атсалысу	желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уәлібеков Хатшысы А.Жарылқасинов
4	Мұғалімдер мен бірлескен түрде жиын өткізу	сәуір	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уәлібеков Хатшысы А.Жарылқасинов
5	-отбасы күніне орай ұйымдастырылатын іс шараларға қатысу -Женіс күніне орай ұйымдастырылған мерекелік шараларға қатысу -әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың жетім балалардың, қорғаншылықтағы балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруға көмек көрсету	мамыр	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уәлібеков Хатшысы А.Жарылқасинов
6	-Қамқоршылық кеңестің отырысы -ата-аналар жиналысы -мектепшілік дәстүрлі мерекелік іс шараларды, спорттық іс шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету -оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уәлібеков Хатшысы А.Жарылқасинов

Бекітемін : 
Мектеп директоры: Н.Ерсейтов

№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.2022-2023 оқу жылының қорытынды есебі 2. «Мектепке жол акциясы» туралы 3. Мектебіміздегі оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уңалбеков Хатшысы А.Жарилкасинов
2	Тұрмыс жағдайы төмен отбасы оқушыларына қайырымдылық жасау	Казан	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уңалбеков Хатшысы А.Жарилкасинов
3	1.Қамқоршылық кеңесінің I жарты жылдық есебі «Туған жерге тағзым» акциясының есебі 2.Бейне роликтің көрсетілімі	қаңтар	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уңалбеков Хатшысы А.Жарилкасинов
4	«Қайырымдылық» акциясының есебі туралы Наурыз айындағы мерекелердің ұйымдастырылуы	наурыз	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уңалбеков Хатшысы А.Жарилкасинов
5	1.Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы 2. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдауы	мамыр	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уңалбеков Хатшысы А.Жарилкасинов

Дайындаған:



А.Жарилкасинов

Бекітемін

Мектеп директоры:

Н. Ерсейтов

№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебінің

Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепте Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, жоспарын жасау.	тамыз	Мектеп директоры
2	Мөлтекаудан бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынатын оқушылардың сынып жетекшілермен бірлесе анықтау және әлеуметтік диагностика жасау: жартылай жетім, көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балалары	қыркүйек	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
3	Жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасы және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету. Мектеп асханасын жалдаушылармен келісім шарт түзіп оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету	қыркүйек	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, кітапхан қызметкері
4	Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілермен бірлесе Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары туралы» халықаралық конвенциясы және ҚР «Неке және отбасы Заңын» талқылау	қазан	Әлеуметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кеңес құрамы
5	Жартылай жетім және аз қамтылған оқушылардың әлеуметтік ортасына зерттеу жұмыстарын жүргізу. Тәрбиесі қиын және құқық бұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар атқару.	жылына екі рет	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6	Жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен және әлеуметтік көмек көрсету. Қамқорлық акциясын ұйымдастыру	қараша	Әлеуметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7	Жартылай жетім аз қамтамасыз етілген отбасының оқушылардың жаңа жылдық шыршаға алып бару және мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру	желтоқсан	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
8	Жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушылардың қамқоршыларымен байланыста болу	қаңтар	Әлеуметтік педагог, педагог- психолог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
9	Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының бос уақытын қалай өткізетіндігі жөнінде «Менің достарым» тақырыбында сауалнама жүргізу	ақпан	Әлеуметтік педагог, педагог- психолог,
10	1 маусым - Баланы қорғау күніне байланысты мәдени іс-шаралар ұйымдастыру және оқушыларды қатыстыру; Жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларды жазғы сауықтыру лагерлерімен қамтамасыз ету	маусым	Әлеуметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

Д. Айтқулов

А. Бейсенбаев

**«№49 Қоңыртобе жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің қамқоршылық кеңесінің жиналыс
1 хаттамасы**

Қоңыртобе ауылы

24.08.2023ж

Қатысқан мұғалімдер 75
Ата-аналар 72

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің өткен оқу жылындағы жұмыс есебі.
2. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын қайта сайлау.
3. «Қайырымдылық жасауға асығайық» атты дәстүрлі қайырымдылық акциясы туралы.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уналбеков сөзге шығып бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып, былтырғы 2022-2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстарына тоқталды. Былтырғы оқу жылында қамқоршылық кеңесінің құрамында 9 адам жұмыс жасағандығын, мектептің әртүрлі ішкі және сыртқы қоғамдық жұмыстарына да әрқашан араласып, мектеп ұжымымен тығыз байланыста болғандығын айтып өтті. Сонымен қатар «Қайырымдылық жасауға асығайық» акциясын ұйымдастыруда, аз қамтылған және көпбалалы жағдайы төмен отбасы балаларын анықтауда, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтап жаңа оқу жылына дайындауда өз көмектерін көрсеткендігін айтып өтті. Дәстүрлі түрде өткізілетін мектепшілік іс шараларға кеңестің қосатын үлесі зор екендігін атап өтті. Отбасы жағдайы төмен оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақты ішетін балалардың мұқтаждығына сай дұрыс ұйымдастырылуына да өз көмегін беріп отырғандығын айтты. Қамқоршылық күніне орай ұйымдастырылған іс шараға қамқоршы ата-аналарды арнайы түрде шақырылды. Қамқоршылар кеңесінің мүшелері, ұстаздар ұжымы, оқушыларымыз ізгі тілектерін білдіріп, мерекемен құттықтағаны туралы да айтып өтті. Кезекті отырысында биылғы оқу жылының мақсат міндеттерін, жоспарларын айқындап қамқоршылық кеңесінің төрағасы кеңес мүшелеріне және мектеп директорына ынтымақтаса бірігіп жұмыс жасап жатқандықтарына, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уналбеков биылғы жаңа оқу жылына Қайырымдылық жасауға асығайық акциясының өз дәрежесінде ұйымдастырылып жатқаны жайлы айта келе, демеушілерден жиналған қаржыға мұқтаж отбасы балаларына мектеп формасын алуда көмек көрсетілетіндігіне тоқталды.

құрамын бекітіп алу керектігін айтып, егер де қарсы ешкім болмаған жағдайда айтып өтті

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің хатшысы Е.Жарылхасынов сөзге шығып жаңа оқу жылына қамқоршылық кеңесінің былтырғы оқу жылында жақсы жұмыс атқарған кеңес құрамын қайта сайлауды ұсынды. Ата-аналар және ұстаздар тарапынан бірауыздан қолдау тауып қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып **Т.Уналбеков**, мүшелеріне: **Н.Ергешов, А.Төреханов, Н.Джаксылыков, Г.Себаева, Қ.Ботабеков, Д.Ешанкулов, Қ.Сманов, Н.Жартыбаев**, хатшысы: **А.Жарилкасинов** сайланды.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыс есебі қанағаттанарлы деп табылсын.
2. Кеңестің жаңа құрамы мектеп әкімшілігімен тығыз байланыста жұмыс жүргізетін болсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:



Т.Уналбеков

Е.Жарилкасинов

**«№49 Қоңыртөбе жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің қамқоршылық кеңесінің жиналыс
№2 Хаттамасы**

Қоңыртөбе ауылы
Қатысқан мұғалімдер 68
Ата-аналар 61
Қамқоршылық кеңес құрамы 10

07.09.2023ж

Күн тәртібі:

1. «Мектепке жол» акциясының өтілуі
2. Қана оқу жылында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уналбеков сөз алып, 2022-2023 оқу жылында қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарына тоқталып өтті. Былтырғы оқу жылында қамқоршылық кеңесінің қатысуымен бірнеше жиын өткізіліп, біршама жұмыстар атқарылғандығын айта келе, жаңа оқу жылындағы «Мектепке жол» акциясының өтілуі мен ұйымдастырылуы жайында айтты. Бірінші кезекте ата-аналармен жиналыстар өткізілді. Мектепте сынып жетекшілер арқылы жартылай жетім және отбасы жағдайы төмен оқушылар анықталып алынды. Жетекшілер арқылы анықталған оқушылардың үйіне барып, тұрмыс жағдайын зерделенді, шын мәнінде әлеуметтік көмекке мұқтаж екендігі анықталған соң, осы балаларға қаржылай көмек көрсету мақсатында қамқоршылық кеңестің басшылығымен демеушілер тарапынан қаржылай көмек ұйымдастырылды.

Акциядан жиналған 100000тенге мұқтаж деп табылған 4 оқушының ата-аналарына мектеп формасын алуға көмек ретінде беріліп, жаңа оқу жылы қарсаңында демеушілер көмегімен атқарылған қайырымды бұл іс-шаралар көптеген отбасылардың балаларын қуантты.

Жиналысқа қатысушы ата-аналар биылғы оқу жылында қолға алынған қамқоршылық кеңесінің атқарылған қайырымдылық жұмыстарына риза болып, рахметтерін айтты. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уналбеков, ата-аналар комитетінің төрағасы Б.Медеуов ата-аналарды ұстаздармен қоян-қолтық жұмыс жүргізуге шақырды. Қамқоршылық кеңесінің төрағасының бұл ұсынысын ата-аналар бірауыздан қолдап қалғандығын. Жиналысқа қатысқан ата-аналар кеңес жұмысын қанағаттанарлы деп бағалады.

- Қаулы: 1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыстары жандандырылсын.
2. Оқу жылы барысында мектеп әкімшілігі мен қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитеті тығыз байланыста жұмыстар атқарсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Хатшы:



Т.Уналбеков
А.Жарилкасинов

**«№49 Қоңыртөбе жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің қамқоршылық кеңесінің жиналыс
№3 Хаттамасы**

Қоңыртөбе ауылы

___. ___. 2023ж

Қатысқандар: __

Мектеп әкімшілігі, ата-аналар, сынып жетекшілер: __

Қамқоршылық кеңес құрамы 10

Күн тәртібі:

1. ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтар ытуралы» халықаралық конвенцияны талдау
2. Әртүрлі мәселелер

Жиналыс төрағасы Т.Уналбеков жиналысты ашық деп жариялап күн тәртібімен таныстырып өтті. Бүгінгі күн тәртібіндегі басты мәселе «Баланың құқықтары туралы» заңын талқылау. Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтар ары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен адамзаттыққа тәрбиелеу, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың ҚР Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Келесі кезекте қамқоршылық кеңесінің хатшысы А.Жарилкасинов сөз алып, заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады. Бала он сегіз жасқа толмағанша баланың заңды өкілдері ата-анасы, қамқоршысы ҚР заңдарына сәйкес олардың орнында қамқорлық жасайтын білім тәрбие беретін баланың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын ата-аналар екеніне тоқталды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған ата-аналар комитетінің төрағасы Б.Медеуов ҚР заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда баланың құқықтарын шектеуге болмайды. Баланың құқықтарын шектеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілер олардың қабылданған кезінен бастап жарамсыз болып табылатынын айтты.

Жарыс сөзге шыққан мектептің әлеуметтік педагогы А.Жарилкасинов жетім және жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы және көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен, ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп жатқандығын және де аталған бұл жұмыстар жылдағы күн тәртібінен түспейтін мәселе екендігін айтып, оның дер кезінде орындалып жүргендігін жеткізді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. ҚР бала құқықтары туралы заңын оқыту өз кезегінде жүзеге асырылып отырылсын.
2. Жетім, жартылай жетім, тұрмыс жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға бірінші кезекте көмек беру ұйғарылсын.

Төраға:

Хатшы:



**Т.Уналбеков
А.Жарилкасинов**

**«№49 Қоңыртобе жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің қамқоршылық кеңесінің жиналыс
№4 Хаттамасы**

Қоңыртобе ауылы

____.____.2024ж

Қатысқандар: _____

Мектеп әкімшілігі, ата-аналар, сынып жетекшілер _____

Қамқоршылық кеңес құрамы 10

Күн тәртібі:

1. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балаларды тегін ыстық тамақпен және әлеуметтік көмектер көрсету
2. «Қамқорлық» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастыру
3. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Жиналыс төрағасы Т.Уналбеков жиналысты ашық деп жариялап, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Сынып жетекшілер көмегімен жаңа жылға әр сыныптағы әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыларды анықтап, олардың отбасына әлеуметтік диагностика жасау қажет екендігін айтты. Анықталған әлеуметтік көмек беруді жоспарлау. Сыныптардағы әлеуметтік қамқорлыққа алынатын оқушылар тізімі анықталғанын және де қамқоршылық кеңесінің алдағы оқу жылының екінші жарты жылдығына атқаратын жұмыстарына тоқталып өтті. Сонымен қатар жиынға жаңадан қатысқан кейбір ата-аналарға қамқоршылық кеңесінің міндеттері мен мақсаттары, оның негізгі жұмысы туралы ақпарат берді. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлесіп, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келе, оның басты міндеттеріне тоқталды. Кеңес хатшысы қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, қамқоршылық кеңесінің құқықтарымен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

Сөз алған ата-анала комитетінің төрағасы Т.Уналбеков жетім және жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтылуының жағдайын сұрады.

Жарыссөзге шыққан мектептің әлеуметтік педагогы А.Жарилкасинов мектебімізде мемлекет есебінен биылғы оқу жылының басынан бастап 1-4 сынып оқитын 173 оқушыға тегін тамақ ұйымдастырылғанын айтты. Одан бөлек аз қамтылған және жартылай жетім 27 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Жыл басында 4 оқушыға мектеп формасын алуға қаржылай көмек көмек көрсетілген болса, ол үрдіс жыл бойы жалғасын табуда. Осы осы қаңтар айында дәстүрлі өткізілетін «Қамқорлық» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, акциядан жиналған қаржыға жетім және жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы және көпбалалы отбасынан шыққан мұқтаж оқушыларға керекті заттарын алып беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар жетім және жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды оқулықпен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету жылдағы күн тәртібіндегі мәселе екендігін айтып, оның дер кезінде орындалып жүргендігін мәлімдеді.

Екінші мәселе бойынша сөз алған қамқоршылық кеңесінің хатшысы А.Жарилкасинов жетім және жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына әлеуметтік көмектер көрсету мақсатында жылдағы дәстүрге сай «Қамқорлық» акциясы өткізіледі. Акцияға ауыл тұрғындары және де кәсіпкерлер тарапынан демеушілік жасалынатындығы жайлы айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне акция өтетіндігі жайлы хабарлама жүргізу керектігін айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балаларды тегін ыстық тамаққа және әлеуметтік көмектерге тартылсын.
2. Ұйымдастырылған «Қамқорлық» акциядан жиналған қаржыға әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларға киім-кешек әперілсін.

Төраға:

Хатшы:



Т.Уналбеков
А.Жарилкасинов

**№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесіндегі Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс жиналысының
6 хаттамасы**

01.03.2024 жыл.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, мектеп ұжымы, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. Уақыт белдеуінің ауысуына байланысты сабақ уақытының басталуын ауыстыру туралы.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ешенкулов сөз алды. Ол уақыт белдеуінің бір сағат жылжуына байланысты, сонымен бірге біз жақтағы ауа райының алдағы уақытта ерте ыстық түсуіне байланысты мектепте сабақ уақытының басталуын таңғы сағат 8-⁰⁰ ге ауыстырып өту туралы ұсыныс білдірдік. Ұсынысты орынды деген пікір білдірген қамқоршылық кеңес төрағасы Талғат Уналбеков сөзге шықты. Алдағы уақыт көктем, жаз мергілі болғандықтан ауа райының ысуының балалардың сабаққа қатысуына қолайсыз болуын ескере отырып ұсыныс білдірді. Ұсынысты барлық ата-аналар құптады.

Ұсыныс: Сабақ уақытының басталуы таңғы сағат 8-⁰⁰ге ауыстырылсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



Т. Уналбеков

А. Жарилкасинов

**«№49 Қоңыртобе жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің қамқоршылық кеңесінің жиналыс
5 хаттамасы**

Қоңыртобе ауылы

____.____.2024ж

Қатысқан мұғалімдер 57
Ата-аналар 75

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылының қорытынды есебі
2. Түрлі мәселелер

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уналбеков сөз алып, 2022-2023 оқу жылында қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарына тоқталып өтті. Жыл бойында қамқоршылық кеңесінің қатысуымен бірнеше ата-аналар жиналысы өткізіліп, жиын негізінде бірқатар қамқоршылық жұмыстары атқарылды. Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер арқылы анықталған жартылай жетім және отбасы жағдайы төмен оқушыларға әлеуметтік көмек көрсетіліп, жыл бойы олардың отбасымен тығыз қарым-қатынаста болды. Жыл басынан бері екі рет қамқорлық акциясы өткізілді. Қамқоршылық кеңесінің басшылығымен өткізілген акцияға демеушілер тарапынан жиналған қаржы есебінен оқушыларға күзгі, қысқы және көктемгі киімдер алынып таратылды. Жаңа жыл қарсаңында жартылай жетім және отбасы жағдайы төмен 5 оқушыға жаңа жылдық сыйлық таратылса, наурыз мерекесінде 7 оқушыға сыйлықтар таратылғандығы айтылды.

Жиналысқа қатысушы ата-аналардан Б.Медеуов, А.Бөлеков, Ж.Байболаев, С.Шайманов биылғы оқу жылында қолға алынған қамқоршылық кеңесінің жыл бойы атқарылған қайырымдылық жұмыстарына риза болып, рахметтерін айтты.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Б.Медеуов бастаған ата-аналар осы оқу жылындағы жүргізген қайырымдылық жұмыстары үшін қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Уналбеков алғыстарын айтып, келесі оқу жылында да қайырымдылық жұмыстарда белсенділік танытуға шақырды.

Жиналысқа қатысушы ата-аналар қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысына он бағалады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары қанағаттанарлы деп табылсын.

Жиналыс төрағасы :
Хатшы:



Т.Уналбеков
А.Жарилкасинов